

2005

4864

Күра

Кітапханасы

# СЕМФОУАМН

Сәкен



# СЕМФОНИИН

Сәкен

## Аккузин аýрылуды

Өлеңдер мен поэмасы,  
әңгімелері, повесі



АЛМАТЫ  
«АТАМҰРА»  
2003

**ББК 84 Қаз 7-5**

**C 32**

**Сейфуллин С.**

**C 32 Аққудың айрылуы. Өлеңдер мен поэма, әнгімелер мен повесть. - Алматы: Атамұра, 2003. - 224 бет.**

**ISBN 9965-05-901-2**

Кітапқа аса көрнекті жазушы Сәкен Сейфуллиннің көпшілік оқырманға ежелден белгілі өлеңдері мен «Көкшетау» поэмасы, «Кыр балалары», «Бандыны құған Хамит», «Омар» атты әнгімелері, «Жер қазғандар» повесі енгізілді. Қазақ елінің бақытты болашағына қалтқысыз сенген құрескер-суреткердің туындыларынан туған жерге деген шексіз махаббат, бір өкініш, бір үміт шарпыған замана туралы толғанысы аңғарылып жатады.

**C 4702250208-330  
418(05)-2003 хабарландырусыз-2003**

**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-05-901-2**

**© Сейфуллин С, 2003  
© «Атамұра» баспасы, 2003**

*Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара жырласын!*

## ДАЛАДА

(Арнау)

Жұген-құрық тимеген,  
Жасынан нокта кимеген  
Алты жасар асауды  
Үстап міндім далада.  
Ақырды асau -  
**Жанғырды** дала.  
Тулады, орғыды асau -  
Д үбірлеп күніренді дала,  
**Киырсыз** дала...  
Орғыды асau айнала —  
Дүбірледі айдала.  
Алысып асau осқырды —  
Жал-құйрығы жемен ыскырды,  
Жүйткіп, зымырап құлашын керді асau.  
Танаулары шелектей,  
Ырсылдап демі көріктей,  
Көздері оттай, **өріктей**.  
Өрге қарай орғыса,  
Өр не қылмақ асauға?  
Жел не қылмақ асauға?  
Желге қарай орғыса,  
Орғытып, ұшыртып жүріп  
Көкіректі кернеп,  
Кең даланы күнірентіп  
Қатты айқайладап ән салдым.  
Жанғыртып кең даланы.  
Салдым күшті дауыспен ән!  
Әніме қосылды: **кең** дала,  
**Ақкулы**-қазды шалқар көл,  
Қамысты-құракты **көк** өзен  
Қосылды бәрі шуласып,  
Қосылды бәрі шаттанып.  
Сендерге, қарындастар,  
Сендерге, інілер,  
Сендерге арналды бұл әндер!  
Дүниенің құлдық шынжырын қиратып,  
Әділдік, теңдік іздеген,  
Тұрмыстың таршылық зынданын бұзып,  
Еркіндік, кендік іздеген,  
**Көкіректері** жанып бақыт іздеген,  
жастар,  
Сендерге арналды бұл әндер!

(... ге, Абай үлгісімен) ғылым

Сөйлей көр, тіл мен жак, ша  
 Сөзіңің бәрі хақ.  
 Парыздай міндетің —  
 Қалқаны мақтамак...  
**Мамықтөс, ақтамак,**  
**Бұран бел, құшсак нақ.**  
 Үлбірек екі ерін,  
 Бейне ғұл қызғалдақ.  
 Қараймын қасына,  
 Жібектей шашына.  
 Тістерің ұқсайды  
**Ақ меруерт тасына.**  
 Кел, жаным, қасыма,  
 Нансаң бұл расыма;  
 Бар дүние тең келмес  
 Жалғыз бір басына.  
 Бал тамған сөзіңен,  
 От жанған жүзіңен.  
 Мөлдіреп қараған,  
**Айналдым көзіңен.**  
 Бал беріп сөзіңен,  
**Өптірші жүзіңен.**  
 Үжмақтай хор қызы  
 Артылмас өзіңен.  
**Жүректің дертін бас,**  
**Кел, жаным, көnlімді аш!**  
**Ақырын жымиып,**  
 Күліп бір нұрың шаш.  
**Ғашықтық болсын паш,**  
 Білсін де өзге жас.  
**Жалындай жандырып,**  
 Лебіңмен қылшы мас!  
**Лебізің, шекер бал,**  
 Сымбатың өрім тал.  
**Шырайың саяда**  
 Алмадай қызыл ал.  
 Сен бір шоқ қызыл ғұл.  
**Конған кеп мен бұлбұл.**  
**Тарқамас құмарым,**  
 Сені иіскеп бес мың, жыл.  
 Сайра да біздің тіл,  
**Жырла да мың құбыл.** -  
 Бұлбұлдың ғашығы ғұл, Т  
 Сүйгенім, өзің, біл! А

## ТЕРГЕГЕН БОЛСАНДАЙТАЙЫН

Маржандай тізген жырымды  
Айтайын болсан, тергеген:  
Домбырадай күйленіп,  
Эн тасып көкірек кернеген.  
Махаббат толып жалындай,  
Лұпілдеп жүрек тербеген.  
**Шаттанып күйлер** қауласып,  
Қосылған әрбір пернеден.  
Дүниеге жайып құшақты,  
Күштерім құлаш сермеген.  
**Шаттанған** тасып **өлеңді**,  
Айтпауға ерік бермеген.  
Кейде толып **көкірекке**  
Кектер толып кернеген.  
Жігер қайнап зұлматқа,  
Дүниеден **шындық** көрмеген.  
Көз жасын көріп сорлының,  
Екпінді қызу **өлеңді**  
Көкірегім жылап еңіреген  
Айтпауға ерік бермеген.

1917 жыл, Ақмола.

## ҚЫРДА

Күніреніп қырда отырып көкірек кернеп,  
Эн салдым домбыра алып ырғап, тербел.  
Аузымнан өлеңімді қағып алып,  
Ызындал кетті жаттап асау жел кеп.  
Асау жел саулап жаттап кетті сарнап,  
Аралап Сарыарқаны кезіп — шарлап.  
Эн салдым **қырда** отырып көкірек кернеп.  
Кім білсе желдің тілін соған арнап.

1917 жыл.

## САҒЫНДЫМ

(Камауда)

Тұғалы қапас көрмеген,  
**Көкіректе** кектер кернеген,  
Талпынып құлаш сермеген  
Айтайын ішкі сырымды:

Қайрымды қалың елі бар,  
Сарыарқа сары белі бар,  
Өрісті шалқар көлі бар  
Сағындым мен қырымды.  
Өзенді, көлді жайлаған,  
Кермеге тұлпар байлаған,  
Хабарсыз арам ойлардан  
Сағындым мен ауымды.  
Жібектей шашы оралған,  
Қыпша белі қыналған,  
Еркесі қырдың бүралған  
Сағындым мен сәулемді.  
Айналып-толғап өсірген.  
Ақ сүтін беріп кешірген,  
Тастамайтын есінен  
Сағындым ғаріп анамды.  
Мал бағып, шауып ойнаған,  
Үйреткен асау байлаған...  
Көк жасыл шөбі жайнаған  
Сағындым еркін даламды.  
Қымызы бал шараптай,  
Жігіті бағлан манаптай,  
Тұлпары тарпан қанатты  
Сағындым бейбіт елімді.  
Таулары биік қиялы,  
Орманы шалғын миялы,  
Жылқы, қой, сиыр, түйелі  
Сағындым Арқа — жерімді.

1918 жыл.

## БІЗДІШЖАҚТА

**(Сүргінде жүргендे шет елде айтылған өлең)**

Шалқыған біздің жактың көлдері бар,  
Ағашты биік таулы жерлері бар.  
Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын  
Меймандос, берекелі елдері бар.  
Думанды шалқар көлдері-ай,  
Еркін дала белдер-ай.  
Қаздай қатар мыңғырып,  
Тізіліп көшкен елдер-ай.  
А-ай, Сарыарқа,  
Елің алыс,

Қалды шалыс,  
Жат жерде талай елмен болдық таныс.  
Жеріне біздің, жақтың лайық ері,  
Ер палуан, аңшы-мерген, әншіл, сері.  
Жасынан жүйрік мініп өскен бұлан,  
Жау жүрек, ер көнілді жігіттері.  
Сілтеуші ек құлаш тұлпардай,  
Жазушы ек канат сұнқардай,  
Асауменен алысып,  
Қашағанды құтқармай.

Ай-ай, Сарыарқа,  
Елің алыс,  
Қалды шалыс,  
Жат жерде талай елмен болдық таныс.  
Қыздары біздің жақтың кара касты,  
Тісіне ұқсатарсың, меруерт тасты.  
Сымбатты, көркем бойлы тал шыбықтай,  
Мамық төс, сұнғақ мойын, сүмбіл шашты.  
Еркін бейбіт ауылым-ай,  
Жас өрім талдай сәулем-ай.  
Қырдың ерке сұлуы  
Сағындым сені, бауырым-ай.  
А-ай, жан сәулем,  
Өрім талдай,  
Жазық мандай,  
Аузыңнан шыққан лебің шекер балдай.  
Қыздары біздің жақтың қара көзді,  
Сырнайдай дауыстары, тәтті сөзді.  
Кызыл гүл албыраған еріндері,  
Шырайлы, ашық көніл, бал мінезді.  
Еркін бейбіт ауылым-ай,  
Жас өрім, талдай сәулем-ай.  
Қырдың ерке сұлуы  
Сағындым сені, бауырым-ай.  
Әй-әй, жан сәулем,  
Өрім талдай,  
Жазық мандай,  
Аузыңнан шыққан лебің шекер балдай.

1919жыл, май. Баян аулы.

## ТАУ ШІНДЕ

Мен келем тау ішінде тұнделетіп,  
Аймақты құнірентіп өлеңдетіп,  
Астымда ак боз атым сылаң сағым,  
Жалтактап құлактарын елеңдетіп.  
Ақ боз ат менің, тұлпарым,  
Шалқыған көніл сұнқарым.  
Көкірек керіп жұттым мен  
Ауаның жазғы жұпарын.  
Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзің,  
Қара көзің  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.  
Ән салдым есіп майда жаяулатып,  
Ырғалтып, шырқап, толғап, баяулатып.  
Толқындаі мың, құбылған әнімді естіп  
Тындарсың кірпік қақпай ояу жатып.  
Ақ боз атым қояндай,  
Еркелеп басар аяңдай.  
Тербеді дауысым ауаны  
Дыңылдал қалқып баяулай.  
Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзің  
Қара көзің,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.  
Үйқыға әнімді естіп берілмессің,  
Маужырап төсегінде керілмессің.  
Ақырын үйден шығып уәделі  
Жеріне келуге сен ерінбессің.  
Ақ боз ат қарап елеңдеп,  
Үйінен шығып көлеңдеп,  
Асығып келсең мөлдіреп,  
Бұркенген шапан желендереп.  
Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзің,  
Қара көзің,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.  
Торғындаі перде болар тұнгі мұнар,  
Ернінен ішкен балға қанбас құмар.  
Құшактап канша сүйсен қелген сайын,  
Шалқыған шіркін көніл емес тынар.  
Ақ боз ат қарап елеңдеп,  
Үйінен шығып көлеңдеп, 11. А  
Асығып келсең мөлдіреп, 19 А

Бүркенген шапан желендер.  
Ә-әй, сұмбіл шаш,  
Тәтті сөзің.  
Кара көзің,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.

1919 жыл.

## БІЗ

(Ғабдолла Асылбекұлы, **саган** арнадым, жолдастым)

Асау өсіп арқада  
Жүген, құрық тимеген,  
Матау көрмей ер жетіп,  
Жасынан нокта кимеген,  
Бостандық, кендік, еркіндік —  
Басқаны жаны сүймеген,  
Бұғалық салса ұстауға  
Ақырып тулап сүреген,  
Арқаның болдық ұланы,  
Еркін өскен бұланы.  
Тендендік іздеп кедейге,  
Жауызға көнбей туладық.  
Залымдардың жасаған  
Аранына уладық.  
Қараңғы, сұық зынданды  
Жатак қылды тәніміз.  
Қыльштың жүзі, мылтықтың  
Аузында **болды** жанымыз.  
Әмірінде жауыздың  
Кетіп адам сәніміз,  
Арыстандай жаралы  
Өргенді **қайнап** қанымыз.  
Бір шұңқыр су, түйір наң  
Үйреншікті ас **болды**.  
Күл, көмір, қиқым, тоң төсек,  
Жастығымыз тас болды.  
Тас **көмірдің** топырағы  
Денені басып қаралап,  
Тас **көмірдің** түтіні!  
Өкпені қауып аралап,  
Қырлы темір шыңжырлар  
Кол-аяқты жаралап,  
Жауыздардың дұзағын  
Көрдік қорлық, азабын!

## КҮЗДІГҮНІДАЛАДА

Сарнайды бүгін жел неге,  
Жапырактар сыңсып тулайды?  
Күніреніп бүгін көл неге, " • .  
Соқтығып мұнша тулайды?  
Күлмеймін бүгін мен неге,  
Тұнерген қабақ ызбарлы?  
Домбыра күйі пернеде,  
Дәл бүгін неге тым зарлы?  
Тұнеріп қабақ күнімен,  
Түйіліп нені ойлады!  
Домбыра зарлы үнімен  
Нені айтып бүгін қоймайды?  
Домбыра, кәне, жырлай гөр,  
Тұнерген қабақ ашылсын!  
Он саусақ билеп зырлай гөр,  
Көкіректің лебі басылсын!  
Қараши, міне, айнала,  
Сұр кетіп жерден сарғайды.  
Қоңылтақ, сырдан айдала,  
**Жаландап** жел де сарнайды!  
Қуарған дала сұры жоқ,  
Көркінен сұлу айрылды.  
Әдемі түрдің бірі **жоқ**,  
Сарғайып міне қайғырды.  
Кестелі жасыл киімді  
Қызықты кезім кетті-ау деп,  
Май мен шіркін июньді,  
Ойлады, "әттең әтті-ау! " деп.  
Қайнатып қанды жас қылған,  
Ойлады өткен өмірді.  
Балқытып тәнді мас қылған,  
Ысытқан сұық темірді.  
**Сумандап** сырдан сұық жел,  
Даланы жалап кезеді,  
Жоннан жонға қып жел,  
Домалап қаңбақ безеді.  
Күн сайын ағаш селдіреп,  
Көк бүйра шашы **сұйылды**,  
Сарғайып жапырақ желбіреп,  
Судырап жерге **құйылды**.  
Қазақтың күзгі даласы,  
**Өң** жоқ тұс жоқ **сұлайды**, . .  
Сорлының қойшы баласы,

Жырлайды, шырқап жылайды.  
Койшы жүр қойын қаптатьш,  
Боздағы шыңып бүрісіп.  
Шолағын түріп оттатып,  
Киімі шоқпыт құрысып.  
Жокшылықты жыр қылып,  
Далада қойшы зарлайды.  
Кімге айтса да сыр қыльш,  
Байына жылап бармайды.  
Аш қойшыға нан керек,  
Боздағы шыккан бетінен,  
Тонса да қойшы жан керек,  
Қалмайды қойдың көтінен.  
Қазактың күзгі даласы,  
Өң жоқ, тұс жоқ сұлайды,  
Ауылға тағы қараши!  
Тонып кәзір жылайды?  
Сорлы әйел тонып зар қағып,  
Жүгіреді әне, қараши!  
Үстінде шоқпыт жарғағы,  
Дірдектеп ерген баласы.  
Қыңырып қыр мен өзекті,  
Іздейді отын табуға,  
Арқалап терген тезекті,  
Апармақ байға жағуға.  
Ісініп, тонып көгерген,  
Жан ұшырған анасы,  
Дірдектеп сорлы неге ерген,  
Жалаң бұт анау баласы?  
Ермей қайтсін, аш бала,  
Ауылда оған пана жоқ.  
Лыпасы жоқ басспана,  
Жағуға отын және жоқ.  
Жып-жылы байдың ордасы,  
От жанып маздал жайнайды.  
Кілкиді байдың мордасы,  
Шымырлап қазан қайнайды.  
Байекен үйде ызбарлы,  
Кілкиді майы бетінен,  
Бағады қойын бір жарлы,  
Дәметпей оның етінен.  
Ордада пысынап бай отыр,  
Астында кілем, көрпесі...  
Бай манқып жай отыр,  
Алдында тотай еркесі.

Бәйбіше байдың қасында,  
Қимылдауға ерінед.  
Қаркара жаулық басында,  
“Әй, от жақ!” деп керілед.  
Жаз келсе де жарлыға,  
Жадырлышқа **кендік** жоқ.  
Күн туса да зарлыға,  
Ауылда әлі тендік жоқ.  
Өзінді кедей тенгеріп,  
Кемдікті неге жоймайсың?!  
Тұрмысты өзің менгеріп,  
Бүйтуді неге қоймайсың!  
**Малын** топтап баққызып,  
Байекем үйде жатпасын!  
Ордаға отты жаққызып,  
Рахатқа ылғи батпасын.  
**Бұйырған** дәмді тата тұр,  
Тағдырың айқын жазылған.  
Көрің де бар жататын,  
Сегіз жыл **бұрын** қазылған.

1925жыл, октябрь.

## СЫР САНДЫҚ

(Досқа жазған **хаттан**)

Шырқайналар шіркін тауық,  
Жемің болса қолында,  
Қайдағысы сені тауып,  
Топырлайды жолында.  
Досыңмын деп ант береді,  
Жем іздеген жанама.  
Жем таусылса жалт береді,  
Сенерлік дос, санама.  
Нағыз достар, бір-ақ қалып.  
**Шындал** берік сүйіскен.  
Бір-біріне сыр актарып,  
Сыр түйінін түйіскен.  
Әр адамның ішкі сыры,  
Берік қойма сақталған.  
Сол **қойманың** бір түкпірін,  
Достың досы-ақ актарған.  
Кейде ашуға сол **түкпірді**,  
Іздейді жан жақынын.

Шертеді жан сырлы жырды,  
Сырлас жанын шақырып.  
**Тыныс керек кейде жанға,**  
Кейде жанға ән керек.  
Күй шертуге анда-санда,  
Сырласарлық жан керек.  
Ішкі сырды мысал етіп,  
Біраз ғана жырлайын.  
Суреттеуге тауға кетіп,  
Суретті ептеп сырлайын.  
Сарыарқаның бір тауы бар —  
Бір тауы бар сымбатты. —  
Сол таудан сен сыр тауып ал,  
Сыр тауып ал, қымбаттым.  
**Қалың зенгер, құзды шаттар,**  
Құзды шаттар қалың ну,  
Сарқырайды мұз **бұлактар**,  
Мұз бұлактар у да шу.  
Нуда бір шың тіп-тік **сұңғақ**.  
Тіп-тік сұңғақ бір биік.  
Шың суретті бейне жұмбақ,  
Тұрғандай көп сыр жиып.  
**Шыңды айналған құзды шаттар,**  
Құзды шаттар акқан су,  
Сылдырайды мұз **бұлактар**,  
Мұз бұлактар у да шу.  
Сөзім мысал, достым, тында,  
Тында, достым, ойлап ал.  
Түрлі сыр бар сол бір **шында**,  
Сол бір шында қойма бар.  
Қойма шыңның нақ басында,  
Нақ басында какпасы.  
Алтын жазу как басында,  
Какпаның тас тақтасы.  
Сол коймада қымбат жасау,  
Қымбат жасау сақталған.  
Текшелеген сымдал жасап,  
Сымдал жасап қақталған.  
Бір сандық бар емес түрде,  
Емес түрде **көрнекті**.  
Бір түкпірде беті **перде**,  
Беті перде өрнекті.  
Бір сандық бар, ол сандықта,  
Ол сандықта бір сандық.  
**Сырдың кілті қол сандықта** I

Қол сандықта сыр сандық. /.  
Сандық іші қызыл-жасыл,  
Жасыл жібек перделі.  
Толған қымбат сақтаулы асыл.  
Асыл сым бар пернелі.

Сұлу жанды сұлу сүйген,  
Сұлу сүйген сыршылым.  
Жібек талдап түйін түйген,  
Түйін түйген, түршілім.  
Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара жырласын!  
Сұлу сымда перне әуені,  
Перне әуені жыр айтар.  
Көніл ашар тербеу әні,  
Тербеу әні сыр айтар.  
Шыққанбыз дос, шыңға талай,  
Талай сырды ойланып,  
Ақтарарлық алтын сарай,  
Алтын сарай қойманы.

1926 жыл, 26 февраль.

### АУЫЛ БАЙҒҰС МІНЕКЕЙ

Бір азғана жыл өтті  
Мен қалада жүргелі.  
Елді көріп кетемін  
Екі жылда бір келіп.  
Ауыл байғұс мінекей,  
Бала жастан көз көрген!  
Азғана жыл ішінде  
Едәуір-ак өзгерген...  
Бастық шалдар азайған  
Орын басып жас ие.  
Қоңыр ауыл құба енді,  
Сәлем берем, бас ием!  
Тіршілік те өзгеріп,  
Өзгермек қой жүртшылық.  
Кешегі жас балалар  
Жігіт болты мұрт шығып.  
Көзіме ыстық төтенше  
Уыз емген бесігім.

Алтын болсын жаңарып  
Киіз жыртық есігің!  
Бұрынғыдай жылқы жок  
Тапал байдың аулында.  
Жататұғын шандатып,  
"Қос шоқының" баурында.  
Мырза менен қажының  
Аулының да мәні жок.  
Бұрынғыдай мыңғырған  
Оннан бір де малы жок.  
Кәріп пенен Әбжекен  
Қойлары өсіп байыпты.  
Қотандары қомақты,  
Қойын бөлек жайыпты.  
Біздің ауыл мінекей!  
Көз жіберіп қараймын,  
Әрбіреуін ауылдың  
Іздең, қарап санаймын.  
Баласы өскен хатшы боп,  
Молдекенің өзі жок.  
Шал болыпты Әлекен,  
Сатайдың бір көзі жок.  
Хатшы бопты советке,  
Молдекенің Әлісі...  
Кеткені ғой елде әбден  
Молдалықтың мәнісі.  
Сақалы ақ боп Дәүкенің  
Таусылыпты бар тісі.  
Жоғалыпты Әрештің  
Мұрнының жартысы.  
Ызымханның қатыны  
"Жел аурудан" қақсайды.  
Етікші шал Қадекен  
Бұкір бопты, ақсайды.  
Биязы мен Бөлекен  
Айрылыпты құлактан,  
Кемпір бопты **байғұстар**,  
Көрмейтін боп жырактан.  
Бұкірейіп белдері  
Бопты баяу **еріншек**,  
Биліктерін алышты  
**Өңкей** семіз келіншек.  
Қалада еді окуда -  
Биязекен баласы.

Бір қайтып ед менімен  
Міне, енді шат анасы.  
**Жамалекем екеуі**  
Куанғаннан жылайды.  
"Бізді ойладындар ма" деп  
Бишаралар сұрайды...  
Әркімнің-ақ елдегі  
Оқу болты санасы —  
Қалаларда оқиды  
Талай ауыл баласы.  
**Жөндең жатыр Әлиман**  
Сынық ердің желдігін.  
Сатай өндеп шабады  
Ағаш арба белдігін.  
Кәдіш қайтып ауылға  
Бір ауылдан келеді.  
Кер дөнені қойқандап  
Бүлік-бүлік етіп желеді.  
Міне, ауылда жусайды,  
Ауылдың бар сиры.  
Беткейде әне, жайылад  
Бар жылқының үйірі.  
**Құба жон мен кара ойға**  
Жаюшы ед ел жылкысын.  
Ол жерлерге егін сап,  
Тіліпті енді қыртысын.  
Тезекші анау, — арбасы  
Сыңсып жылайд, шиқылдал.  
**Жеккен қоңыр өгізі**  
Өңкендейді қиқылдал.  
Қара қоңыр өгізге  
Ағаш арба жеккені.  
Аш етіне кигені  
**Жыртық шомыт шекпені.**  
Көп кедейдің әлі де  
Қырық жамаулы сырты көң —  
Қашан қараң өшеді  
Бит быжынаған **жыртық тон!**..  
Ән шырқасып келеді  
Бір топ бала өрістен,  
Қап арқалап дедектеп,  
Бірге тезек теріскен.  
**Әзгерістің өлеңі,** —  
Айтқандары шырқасып.  
Дауыстары жаңғыртад  
Қара өзектің қырқасын.

Кеше Әбжәтті<sup>1</sup> өндөткен  
Балалар ғой бәрі де.  
Әбжәт қалып, өзгерген  
Балалардың әні де...  
Сиыр бопты Сатайдың  
**Шұбар ала тайнашсы,**  
Қатын бопты **сокталдай**  
Нұрекенің Айнашы.  
Бір-ақ құлаш әлі де  
**Әтекенің көгені.**  
Әлі де үйі жамаулы  
Болмаған-ау дегені.  
Оншакты-ақ-ау әлі де  
Мал ғып бакқан ешкісі.  
**Құлаш көген, бес бұршақ —**  
Келмеген ғой ескісі.  
**Мен** әперген машина  
"Сепатырды" кесіп **қып,**  
Сүтін тартып ауылдың,  
Май шығарып, несіп **қып.**  
Алған майын Әтекен  
Қарынға **сап** жиынты.  
"Қапаратқа" май сатып,  
**Шапан альп** киіпті.  
Сепаратор келген соң,  
Майға әркім-ақ бай **бопты.**  
Әрбір үйде-ақ діңкіген  
Қарын-қарын май бопты.  
Әтекенің үйінің  
Жанында әні, үймелеп,  
Кыз-келіншек күлісед  
Ыңталасып, кимелеп.  
**Ортасында ыңылдал**  
Сепаратор жырлайды.  
Көркем күйді әнцеткен  
**Қыз-келіншек** тындаиды.  
Бір келіншек тұтқасын  
Айналдырып қозғайды.  
Сепаратор әдемі  
Әндетеңі, боздайды.  
Мен де құлак саламыш  
Сепаратор әніне.  
**Сүйінемін, қараймын**  
Ауылдың бұл **сәніне.**

• ..

дін окуында ежелден **сүреге** түсердің алдында оқылады.

Мен де ыңылдал жырлаймын  
Қарап тұрып сүйініп.  
Жыр қосамын балаша  
Сепаратор күйіне.  
Ауыл байғұс мінекей!  
Бала жастан көз **көрген**.  
Азғана жыл ішінде  
Едәуір-ақ **өзгерген**...

*1926 жыл, август. Ел.*

## КЕЛІНШЕКТІҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат **бөпем!**  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін,  
Көк ала иттің **құйрығын**  
Жіпке тағып берейін!  
Әлди-әлди, жанашым!  
Алдыма альп шабайын,  
Тойға кеткен әкенді  
Қайдан іздеп табайын?  
Әлди-әлди, аппағым!  
Жылама, менің жүрегім,  
Әкең малда тұр шығар  
Таяныш қып күрегін.  
Әлди, менің бөбегім,  
Әкең жүр ғой малменен!  
Жүрген шығар алысып  
**Шұнақ** аяз қарменен.  
Картайғанда күтетін  
Әкесі мен шешесін,  
**Қандай** жігіт өскенде  
Болар екен бөпешім?  
Өңкей біздей зарлыға,  
Кемдіктегі жарлыға,  
Жаным **менің** ержетіп  
Көсем болар ма екенсің?  
**Тақылдаған тандайы,**  
Кере қарыс мандайы.  
Алмас тілді немесе,  
**Шешен** болар ма екенсің?  
Бұлбұлдай боп тілінен  
Тәтті айтқанда бал тамған,

Аңзы айтқанда қан тамған  
Ақын болар ма екенсін?  
Не болмаса жүректі,  
Күш, кайратты, білекті,  
Кемшілікке көнбейтін  
Батыр болар ма екенсін?  
Омырауы есіктей,  
Ақ балтыры бесіктей,  
Егінші боп, **әзгеге**  
**Нұсқа** болар ма екенсін?  
Отқа темір қайнатқан,  
Бұт балғаны ойнатқан,  
Нанша илейтін темірді  
Үста болар ма екенсін?  
Не болмаса **жұмыскер**,  
**Не** өнерлі мініскер,  
Саусақтары сүйріктей  
Зергер болар ма екенсін?  
**Не қасқа** атты Қамбардай,  
Аш кылмайтын аң барда,  
Кұралайды көзге атар  
Мерген болар ма екенсін?  
Жаксы болып ержетсе  
**Балапаны бөлесі**,  
Бағы ашылып, анасы  
Көкке тиер төбесі.  
Бақытсыз боп ержетсе,  
Бар үміті – қарағы,  
Михнат шеккен сорлы ана  
**Ашпағаны қабағын.**  
**Әлди-әлди, балашын!**  
Үйықтатайын тербетіп...  
Тілегім сен, құлыным,  
Үміт акта ержетіп!..

## КЕЛІНШЕК ОЙЫ

Шатынайды, тыста аяз,  
Қызыл шұнақ үскірік,  
Қылшылдайды жаландап,  
Зәрлі деммен ысқырып.  
Үшан-теніз қалың кар -  
Жерді басып жабады,

Шұнақ аяз жаландап  
Екі санын сабады.  
Мұздай демі бет қарып,  
Аяз аузын ашады.  
Құлактанып қызыл Құн  
Жасыл үшқын шашады.  
Қар үстінен шаңғытып  
Бұрқырайды борасын.  
Көрінбейді далада  
Жанның кимыл қарасы.  
Бейне мола, — аңырайды,  
Лыпасы жоқ жарлы үйі.  
Қысқы аязда төтенше.  
Жарлы тартад зар күйін.  
Пештің мойны сыңсиды  
Үнін қосып жеменен.  
Кедейлікті шаққандай  
Жыр қып айтып шерменен.  
Ызындауын шаңғытып  
Шұнақ аяз қоймайды.  
Іншік үйде бүрісіп,  
Байғұс әйел ойлайды.  
Уайым қып жас әйел  
Көріп үйдің қырауын,  
Баласына қарайды,  
Жатқан қойып жылауын.  
"Жары болдым әкеңнің,  
Тандап мені сүйгенсін.  
**Өкінбеймін, бәбекім,**  
Өзім қалап тигенсін!  
"Қалыңмал" бар заманда  
Әйел сорлы күн еді.  
Кедейліктен батымды  
Бас билігі мұң еді.  
Еркі болды әйелдің  
Патша түсіп қалғалы.  
Ендігі мұң кедейлік  
Бас билігін алғалы.  
Бұрын жалпы әйелдің  
Көкірегі шер еді.  
"Сүйгенине тигеннің  
Арманы жоқ" дер еді.  
**Өзге қыздың ішінен**  
Жұмат мені ұннatty.  
Жары болдым еркіммен  
Мен де сүйіп Жұматты.

Сүйгеніме жар болып,  
Алсам да үлес тендіктен.  
Зарланамын жылаймын,  
Кедейліктен - кемдіктен"..  
Пештің мойны желменен  
Ызындайды сарнайды,  
Балақанын тербетіп  
Жас келіншек зарлайды.  
Тыста тұтеп, шатынап  
Қызыл шұнақ ұскірік,  
Қылышылдайды, жаландап,  
Зәрлі демін ыскырып.  
**Үшан**-теңіз аппақ қар  
Жерді басып, жабады.  
**Шұнақ** аяз жалаңаш  
Екі санын сабады.

*1926 жыл, 17 декабрь.*

### АҚҚУДЫҢ АЙРЫЛУЫ

Аркада бір жер бар еді,  
Жібек самал **саясы**:  
Саяда бір көл бар еді,  
Сырлы кесе **аясы**.  
Маржан **құмы**, құміс суы  
Көл еді кен айнадай:  
**Мұнарытқан** торғын буы,  
Көк кестелі айнала.  
Қалың топ-топ, алшық-сирек  
Жасыл қамыс дестесі:  
Бейне қолмен салған ирек  
Көлдің жасыл кестесі.  
Әдемі еді **мөлдіреген**  
Айна **көлдің** көрнегі;  
Су бетінде елбіреген  
Ақ шашактар өрнегі.  
Пай **шымылдық**, жасыл құрак  
Қалың біткен ту **құрак**.  
Кейде аккулар жасырынад,  
**Шымылдыққа** судырап,  
Айна **көлді** мекен еткен,  
**Бір-екі акқу** бар еді.  
Максұтына бірге жеткен,  
Екі ғашық жар еді.

Айна көлдің суы күміс,  
Жұбай акқу көркі еді,  
Көрсе көзің алар тыныс,  
Екі сәулем ерке еді.  
Көлдің басы ертелі-кеш,  
Мың күбылған ән еді.  
Екі ғашық ертегідей,  
**Көлдің көркі — сәні еді.**  
Жүргенімде елге келіп,  
Ешкімді ертпей қасыма,  
Кетуші едім көлге келіп,  
Біраз жатып басында.  
Көз жіберіп айна көлге,  
Жағасында жатушы ем;  
Төсімді ашып жібек желге,  
Рахатына **батушы** ем.  
Келуші едім **анда-санда**  
Саясатсыз **тұрмысқа**;  
Біраз тыныштық беріп жанға,  
Демалуға — тынысқа.  
Бір күн ерте айна **көлдің**.  
Күйін **тыңдалап**, жағалап;  
Бір ғажабын және **көрдім**,  
Қарап жатып жағада.  
Кең айнадан өзін көріп,  
**Құстар** билеп, ойнайды:  
Су түбінен маржан теріп,  
Сұңгіп терең бойлайды.  
Көлді қорып, байғұс қызығыш  
**Қыңқылдайды** жағалап:  
Қанатымен жерді сызғыш,  
Төңкеріліп сабалап.  
**Тауқұдірет** қалықтайды.  
Қақсап, жырлап, зарлайды;  
Сорлы жыршы жалықпайды,  
Көл сағасын барлайды.  
Көктен көлге төңкеріліп,  
**Шаңқылдайды** шағала;  
Бірде жылап, бірде күліп,  
Жарқылдайды жағалап,  
Қоңыр күйін қаз күйлейді;  
**Сұқсыр** менен қасқалдақ.  
Әнге салып, би билейді  
Кегер, үйрек, **баспалдақ**.  
Міне, осындаі көлдің сәнін  
Олқысынды жүрегім;